



TENGEMONITOR


РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

// 8 СӘУІР 2021 ЖЫЛ

▶ ОТАНДЫҚ ӨНІМ

ЖИҢАЗ ЖИНАЙТЫН КӘСІПКЕРГЕ ШИКИЗАТ ТАБУ ҚИЫН



Қазақстанда жиһаз өндіруші кәсіпкердің басына бірқатар проблема туып тұр. Өуелі проблема: шикізат базасы жок. Екіншісі, жиһаз өндірісіне әзірленген стандарттау регламенті жок. Жиһаз өндірушінің басын қатыратын басты дүние, ол – бәсекеге түсетін, жасырын шеберхананың көбеюі.

ТӘУЕКЕЛ БАҚАШ

Алматының түбіндегі ауылдың бірінде тұратын Бақытбек Әлімұрат деген азамат, міне, жиырма жылдан асты, жиһаз жинайтын өндірістік цехтың иесі болып отыр.

— Мұның алдында, 90-жылдары темір жол түйығынан (базадан) анда-санда жиһаз

өкеліп, үстіне сәл қосып сатумен айналысушы едім. Бір күні осмен дұрыстап айналысайыншы деп шештім де, мен үйдің ішінде жиһаз жинап, әйелім газетке хабарландыру беріп, жыл он екі ай сатып жүрдік. Күндердің бір күнінде бұл жеткіліксіз деген ойға келдім. Сөйтіп, 90-жылдардың соңында Қытайдан жиһаз өкеліп сататын болдық, — дейді Бақытбек.

Өуелі кәсіпкер дайын жиһазды алып келіп, сатып жүреді. 2010 жылы тура шекарада тауары бар контейнері көп тұрып қалған соң Қорғасқа барды. Ол жерде бірнеше күн жүрген кезінде жиһаз цехына арналған жабықты Қытайдан сатып алып келе жатқан шымкенттік бизнесмен жігіттермен танысады. Олардың аузынан жиһаз құрайтын цехтың Қытайда арзан екенін естіп, келесі жолы арнайы Гуанчжоу қаласына барады.

— Сөйтіп, мен де жиһаз жинайтын бір жабық сатып алдым. Осылай алғашқы цехымды аштым, — дейді Бақытбек Әлімұрат.

Қазір кәсіпкердің Алматыда үйге, офиске арналған жиһаз бен жиһазға арналған бөлшек сататын дүкендері, тапсырыс бойынша жиһаз жинау цехы, интернет-дүкені, жеткізу қызметі, жиһаз жинаушылардың үлкен штаты, жеке қоймалары бар. 2017 жылы кәсіпорнын 70 миллион теңгеге, 2018 жылы 75 миллион теңгеге, 2019 жылы 78 миллион теңгеге, ал карантин басталған бытыр 47 миллион теңгеге өнім өндіріпті. Бақытбектің жоспары — еліміздің басқа өңірінен, шалғай облыстарынан жиһазын сататын нүктелер ашу. Жақын аралықта кәсіпкер Нұр-Сұлтанға жиһаз бен оның бөлшегін сататын дүкен ашуды жоспарлап отыр.

Дегенмен, қазір бәсеке сұмдық,

дейді ол, әсіресе жасырын шеберхана шауяйдан алып жатыр.

— Мұндай «кустарка» Алматыда көп. Біз сертификаттау үшін салық төлейміз, әлеуметтік төлемдер төлейміз, ал, мәселен, үйінде отырып шағын жиһаздарды жинайтындыр ештеңеге жауап бермейді. Жасырын жұмыс істеген соң олар салық төлемейді. Кәдімгідей бәсеке жасап отыр бізге, — дейді Бақытбек.

Өкінішке қарай, Алматы қаласы мен Алматы облысында қанша жиһаз цехы тіркелгенін қалалық немесе облыстық кәсіпкерлік басқармасы нақты айтып бере алмайды.

Жиһаз өндірісі өңдеуші өнеркәсіп секторына кіреді. Ал қалада және облыста жиһаз жасау бойынша қанша жасырын цех жұмыс істеп отыр, оны тағы ешкім білмейді.

▶ ҚАЗАҚСТАН ҚОР НАРЫҒЫ

АКЦИЈАЛАР		Last	%Δ1D	%Δ1M
Risers				
KZAP	07.04.21 16:10	11 855,05	+1,86	+23,52
CCBN	07.04.21 16:09	236,90	+1,45	+9,68
KCEL	07.04.21 16:11	2 419,50	+0,81	+0,02
KZTK	07.04.21 16:07	27 469,00	+0,62	+0,99
HSBK	07.04.21 16:14	152,79	+0,12	+12,83
KASE Индексі	07.04.21 16:09	3 206,67	+0,46	+8,72

АҚША НАРЫҒЫ		Last	%Δ1D	%Δ1M
Symbol				
TONIA	06.04.21 17:15	8,38	-0,03	-0,64
TRION	07.04.21 16:07	8,45	-0,02	-0,65
TWINA	07.04.21 13:26	9,00	+0,47	+0,20
SWAP-1D (USD)	07.04.21 15:39	8,31	-0,11	-0,60
SWAP-2D (USD)	07.04.21 15:39	8,00	-0,15	+0,27
MM Index	06.04.21 20:11	8,37	-0,04	-0,65

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЈАЛАР

Deals	Yield	DTM
EUBN68	12,00	-
MFOKb1	15,84	-
MFRFB1	20,00	-
CLSGb1	13,77	-
KAFB9	11,60	-
KFUSB10	10,30	-

МЕМЛЕКЕТТІК БАФАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Deals	Yield	DTM
MUM120_0017	10,00	-
OM_01_2908	5,35	-
KZ_05_2410	1,15	-
MUM084_0017	9,55	-
UA_01_2811	7,00	-
MUM156_0002	9,07	-

> [3]

▶ ӘЛЕМДІК ҚОР НАРЫҒЫ

Индекстер			
KASE	3 112,32	0,42%	↑
FTSE 100	6 823,55	1,28%	↑
CAC 40	6 131,34	0,47%	↑
S&P 500	4 073,94	-0,10%	↓
Dow Jones	33 430,24	-0,29%	↓
Nikkei 225	29 732,00	0,12%	↑
DAX	15 212,68	0,70%	↑
Nasdaq	13 698,38	-0,05%	↓

06 Сәуір 2021

Тауарлар			
Мұнай	62,84	0,16%	↓
Алтын	1 738,45	-0,26%	↓
Платина	1 246,75	0,14%	↑
Палладий	2 669,50	-0,56%	↓
Табиғи газ	2,468	0,24%	↑
Алюминий	2 258,00	-0,14%	↓
Күміс	25,108	-0,47%	↓

06 Сәуір 2021

Валюта нарықтары			
USD/KZT	432,605	0,58%	↑
EUR/KZT	513,805	0,60%	↑
USD/RUB	77,7515	0,65%	↑
USD/CAD	1,2609	0,37%	↑
USD/JPY	109,82	0,07%	↑
EUR/USD	1,1879	0,03%	↑
GBP/USD	1,3804	-0,14%	↓

06 Сәуір 2021

▶ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫТЫМАҚТАСТЫҚ

Өркендеу үшін өріс керек



Польша-Қазақстан сауда-өнеркәсіп палатасы поляк және қазақ өнеркәсіп орындары мен кәсіпкерлерінің өзара тиімді қарым-қатынастарына дөңкер болып келе жатқан мемлекетаралық ұйым болып табылады. Палатаның бәсеңді қызметі нәтижесінде поляк фирмалары Қазақстанның агро, азық-түлік, фармацевтика және құрылыс салаларында жемісті жұмыс істеуде, қазақстандық кәсіпкерлер Польша нарығын игере бастады. Бұған палата бастамашы болып отырған түрлі көрмелер мен жәрмеңкелер де септігін тигізуде.

ЖЕТПІСПАЙ БЕКБОЛАТУЛЫ

Сауда-өнеркәсіп палатасы еліміздің ғылым және білім мекемелерін Польшаның инновация нарығына тарту, Қазақстандағы басымдықты жобаларға Польша және Еу-

ропа инвестициялары мен технологиялар трансфертін қатыстыру жөніндегі «KZ-EURO-PL» жобасын жүзеге асыруға атсалысуда. Палата поляк, қазақ, орыс тілдерінде


өзінің «Экономикалық бюллетенін» шығарып келеді.

Наурыздың соңына таман Польша-Қазақстан сауда-өнеркәсіп палатасы Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арнап поляк және қазақ дипломаттары, саясаткерлері мен ғалымдары қатысқан халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді. Ғаламтөр арқылы аталған мәртебелі басқосуға атсалысқан соң осынау айтулы шараға мұрындық болған белгілі қоғам қайраткері, газетіміздің Ақылдастар алқасының шетелдік мүшесі, Польша-Қазақстан сауда-өнеркәсіп палатасының төрағасы Петр Гузовски мырзаны қысқаша тілдесудің сәті түсті.

— Ғылыми конференцияны Польшадағы қоғамдық ұйым — «Менің Қазақстаным» ассоциациясымен бірігіп ұйымдастырдық. Жиында Польшаның ғылым-технологиялық қарым-қатынастық президенті Йозеф Филлип кіріспе сөзінмен ашты, — деп бастады өз әңгімесін Петр Гузовски мырза.

> [5]

▶ ЕҢБЕК НАРЫҒЫ



Электрондық биржада бос жұмыс орындары азайды

Электрондық еңбек биржасында 62,5 мың бос жұмыс орны орналастырылды.

«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ (ЕРДО) деректері бойынша биыл наурызда Электрондық еңбек биржасында (ЭЕБ) 62,5 мың бос жұмыс орны орналастырылды. Оның ішінде 49,8 мыңы — білікті мамандар үшін, деп хабарлайды Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі.

Жұмыс іздеушілер 51,1 мың түйіндеме жариялады, оның 34,3 мыңы білікті мамандардан. Өткен аймен салыстырғанда ЭЕБ-дағы бос жұмыс орындарының жалпы саны 3%-ға, ал түйіндемелер саны 17%-ға азайды. Қазір ЭЕБ-да 32,2 мың бос жұмыс орны ашық күйінде қалып отыр.

> [7]



БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

АПТА ТЫНЫСЫ

► Әлеуетті әріптестік

Кешенді ықпалдастық нығаяды



Мемлекет басшысы Мажарстанның сыртқы істер және сыртқы сауда министрі Петер Сийартоның қабылдауы.

Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Мажарстан арасындағы сенімді саяси диалогқа, дәйекті экономикалық және инвестициялық ынтымақтастыққа, COVID-19 пандемиясының сын-қатерлері кезінде өзара қолдау көрсетуге негізделген стратегиялық серіктестіктің жоғары қарқынды атап өтті.

— Жүргізілген келіссөз-

дер Қазақстан мен Мажарстан арасындағы қатынастардың одан әрі дамуына тын серпін береді деп үміттенемін. Қазақстан осыдан 30 жыл бұрын Еуропа елдерінің ішінде бірінші болып Мажарстанда өз елшілігін ашты. Біздің қарым-қатынастарымыз ерекше. Қазақстандықтар Мажарстанда өте жақсы біледі. Сіздің еліңізді жақын тарттады. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің жұмысына елеулі үлес қосқаны үшін премьер-министр Виктор Орбанға ризашылығымды білдіремін, — деді мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Петер Сийарто кездесуе мүмкіндік туғызғаны үшін Қазақстан президентіне алғыс білдіріп, өз елінің басыпалығының сәлемін жеткізді. Осы ретте Будапешттегі Қазақстанмен кешенді ықпалдастығын одан әрі нығайтуға, соның ішінде, Түркі кеңесінің әлеуетін пайдалана отырып тереңдетуге дайын екенін айтты. Мажарстанның сыртқы істер және сыртқы сауда министрі Түркістанның рухани астана ретіндегі маңызды рөлін тоқталды.

► Заң жобасы

Толық тыйым салынады

Мәжілістің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды.



Ауыл шаруашылығы министрі С.Омаров мәлімдегендей, ұсынылған заң жобасымен ауыл шаруашылығы жерлерін шетелдіктерге және шетелдік компанияларға, шетелдік үлесі бар қазақстандық компанияларға, азаматтығы қос адамдарға, халықаралық қатысуы бар ғылыми орталықтарға, сондай-ақ қандастарға беруге толық тыйым салу көзделген. Сонымен қатар, заң жобасында бұдан бұрын шетелдіктермен

және шетелдік үлесі бар қазақстандық компаниялармен жалға алынған ауыл шаруашылығы жерлерінің пайдалану мерзімі ұзартылмайтындығы және олардың пайдалану мерзімі аяқталғанға дейін ғана иелікте болатыны қарастырылған.

Қандастар бойынша, олар жеке қосалқы шарушылығы, бау-бақша және саяжай құрылысы үшін жер учаскесін ала алады, ауыл шаруашылығы жерлерін Қазақстан азаматтығын алғаннан кейін ғана жалға алуға мүмкіндігі бар.

► Қарқынды экономика

Инвестициялық климаттың нәтижесі



Премьер-министр Аскар Мамин мен Татарстан президенті Рустам Минниханов Қарағанды облысының Саран қаласында шина шығаратын зауыттың құрылысын бастап берді.

Жобаны «Аллюр» компаниялар тобы» АҚ және «Татнефть» ЖАҚ бірлескен

кәсіпорны «KamaTiresKZ» ЖШС жүзеге асырды. Зауыттың өндірістік қуаты бастапқы кезеңде 3,5 млн, кейіннен жылына 9 млн шинаға дейін жеткізіледі. Бұл елімізде құрыстырылатын көліктер үшін отандық бөлшектерін үлесін арттырып, импортты алмастыруға көмектеседі. Бұл ретте өнімнің 40%-ын

экспортқа шығару жоспарланады. Жалпы құйылатын инвестиция 125 млрд теңгені құрайтын іргелі жобада 1100-ден астам жоғары білікті жана жұмыс орындары құрылатын болады. Кәсіпорын персоналы «Татнефть» ЖАҚ шина кәсіпорындарында тағылымдамалардан өте бастады.

Үкімет басшысы шина зауытын салу жобасы Қазақстан мен Ресей арасындағы өнеркәсіптік кооперацияның нақты іс жүзінде кеңейгенін айғақтайтынын атап өтті. Р.Минниханов өз сөзінде Қазақстан Татарстанның жетекші шетелдік серіктестерінің бір екенін жеткізді. Өткен жылы пандемияға қарамастан тауар айналымы 14%-ға өсіп, \$630 миллионнан асты.

► ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Түрленген штаммдар қауіп төндіруде

Үкіметте елдегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдай, халықты вакцинациялау барысы және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын орындау бойынша қабылданатын шаралар жайы талқыланды. Бұдан өзге, жол-көлік инфрақұрылымын дамыту мәселесі сөз болды. Премьер-министр Аскар Мамин ағымдағы ахуалды саралап, алдағы жұмыс бағыттарына назар салды.

Денсаулық сақтау министрі А.Пой көлемді мәліметтер келтіріп, әлемде COVID-19 а-

штамм-мен салыстырғанда 1,7 есе, оңтүстік африкалық штамм 1,5 есе және бразилиялық штамм 2 есе тез таралатыны анықталды. Сонымен қатар репродуктивтілік санның өсуі 1,1-ден 1,9-ға дейін артуы мүмкін, бұл біртіндеп осы штаммдардың үстемдігіне әкеледі. Ақпаннан бері КВИ-ге қарсы вакцинация науқаны жалғасуда. Бірінші сәуірден бастап вакцинациялауға жататын адамдардың санаттары кеңейтілді. Кестелерді жергілікті атқарушы органдар жасайды. Бүгінгі таңда бірінші компонентпен – 194 706, екінші компонентпен – 72 110

қадамдасыз етуді тапсырды. Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Денсаулық сақтау министрлігімен, әкімдіктермен бірлесіп вакцинациялаудың маңыздылығы туралы ақпараттық түсіндіру жұмыстарын кеңінен жүргізеді. Денсаулық сақтау, цифрландыру, ішкі істер министрліктеріне, «Атамекен» ҰҚП, өңірлердің әкімдіктеріне осы жылдың сәуір айының соңына дейін бизнес субъектілерінің қызметін қалпына келтіру және эпидемияға қарсы шараларды жүргізу үшін «адамдардың шоғырлану орындарын анықтау



руы мен одан өлім-жітім жағдайы шиеленісіп бара жатқанын айтты. Бүгінгі күні әлемнің 221 елінде 130 млн астам КВИ жағдайы тіркелген, ауруандықтың өсуі – 0,5. 2,8 млн астам адам қайтыс болды, өлім көрсеткіші 2,2%. Қазақстанда ағымдағы жылдың 6 сәуіріне COVID-19 оң нәтижесімен 256 837 науқас және КВИ- 50 839 жағдай тіркелді. Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары, Атырау, Батыс Қазақстан, Алматы, Ақмола және Ақтөбе облыстары «қызыл аймақтар» тұр. Наурыз айында ақпанмен салыстырғанда сыртқатанушылық 30%-ға өскен, сөйтіп, тәулігіне 1800-ге дейін жағдай тіркелді. Сәуірдің 5-інде 9 983 жағдай, тәулігіне 2000-ға дейін науқас тіркелуде. Аурудың өсуі британдық және оңтүстік африкалық штаммдардың айналымымен байланысты. Эпидемиологиялық ахуалды ескере отырып, сәуір айында тәсілеудің тәуліктік саны тәулігіне 57 мың зерттеуге дейін артты. 6 сәуірдегі жағдай бойынша КВИ-мен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсету үшін республикада 28 730 төсек-орын қоры бар 275 инфекциялық стационар жұмыс істейді. Инфекциялық төсек-орындардың ең көп жүктеуі Батыс Қазақстан облысында, Нұр-Сұлтан қаласында, Алматы облысында, Алматы қаласында байқалады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша, британдық штамм әлемнің 130 елінде, оңтүстік африкалық штамм 80 елінде, ал бразилиялық штамм 45 елінде анықталды. «Жана мутацияларды анықтау мақсатында бұл тұрақты негізде республика аумағында айналымда жүрген КВИ штаммдарына генетикалық зерттеу жүргізіледі. Наурызда республика аумағында британдық және оңтүстік африкалық штаммдардың айналымы анықталды. Соңғы зерттеулер көрсеткендей, британдық коронавирус нұсқасы бастапқы бөлімшелердің ауруханаға жатқызу мен өлімінің жоғары ақтималдығымен байланысты. Бразилиялық штамм бұдан қауіпті болып саналмаса да, бастапқы COVID-19 штаммына қарағанда оңай таралады, — деп түсіндірді А.Пой. Сондай-ақ британдық коронавирусы штаммы өткен жылғы азамат егілді. Республика бойынша 1000 тұрғынға шаққандағы көрсеткіш 10,3 болды. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында сәуір айында 2 млн доза вакцина жеткізіледі деп күтілуде, бұл тиісті контингенттің 23,4%-ын қамтуға мүмкіндік береді. Иммунодау жоспарына сәйкес, өңірлерге вакциналарды жеткізудің көлемі мен алдын ала мерзімдері анықталды. Өндірішілермен жүргізілген келіссөздерді ескере отырып, Қазақстанда бірінші жартыжылдықта вакциналардың 6 миллиарднан астам дозасын қабылдау жоспарланып отыр, бұл тиісті контингенттің 64%-ын қамтуға мүмкіндік береді. Бұл көлем КВИ-ға қарсы вакцинациялауға жататын контингентті және өтеусіз негізде егілуге ниет білдірген адамдар үшін қолжетімділігін барынша кеңейтеді. Ұйымдастырылған ұжымдарда және адамдар көп жиналатын жерлерде вакцинация жүргізу үшін жылжымалы егу пункттері іске қосылды. Осыған байланысты ныбастардың, Алматы, Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларының әкімдері КВИ-ға қарсы вакцинациялаумен халықты қамтуға ұлғайту үшін адамдар көп жиналатын жерлерде уақытша егу пункттерін/бригадаларын ұйымдастыру, көшпелі егу бригадалары екле салу үшін вакцинаны сақтауға арналған тоназытқыш жабдықтарының және термоконтейнерлердің жеткілікті санымен қамтамасыз етуі тиіс. Қазірде КВИ-ға қарсы вакцинация мәселесі бойынша 9 мыңнан астам медицина қызметкері оқытылды. 600-ден астам вакцинация кабинеті, 800 мұздатқыш жабдық және 3 мың термоконтейнер дайындалды. Наурыз айының соңына дейін 300 мың азаматқа вакцинацияның қолжетімділігі қамтамасыз етіліп, 11,3 млн шприц сатып алынды. Өңірлерде барлық денсаулық сақтау ұйымдарының, соның ішінде реанимациялық бөлімшелердің жабдықтарын түгелдей жүргізілуде.

Үкімет басшысы Денсаулық сақтау министрлігіне, әкімдіктерге «қызыл аймақтағы» өңірлерде вакцина алатындардың санын арттыру бойынша шаралар қабылдауды және қабылданған жоспарға сәйкес вакцинаны жеткізуді

карталарын» енгізу мен мобильді мониторингтеу топтарының тиімділігін жақсарту мақсатында барлық өңірлерге «Ashyq» жобасын кезең-кезеңімен енгізу тапсырылды. Отырасты қаралған тағы бір тақырып — жол-көлік инфрақұрылымын дамыту мәселелері. Атап өтілгенін быты 1,2 мың км жол бойында көлік қозғалысын ашып, жалпы ұзындығы 6 мың км автомобиль жолдарын реконструкциялау, жөндеу және салу бойынша ірі жобаларды аяқтау белгіленген. Талдықорған-Өскемен (768 км), Қарағанды-Балқаш-Қапшағай (645 км), Қалбатау-Майқапшағай (415 км) және т.б. сияқты ірі жобалар іске асырылады. Қызылорда-Жезқазған автожолының реконструкциясы жобасы жүзеге асырыла бастайды. Әкімдіктер 2,6 мың шақырым жергілікті автожолдарды салуды жоспарлап отыр. Сонымен қатар жол бойындағы сервистің 125 жана нысанын салу көзделген.

Үкімет басшысы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне әкімдіктермен және «КазАвтоЖол» ҰК» АҚ-пен бірлесіп, жоспарланған жобалардың уақыты іске қосылған және биыл жыл соңына дейін бөлінген қаражаттың толық игерілуін қамтамасыз етуді тапсырды. Энергетика министрлігіне құрылыс маусымының қызған шағында бағалардың өсуіне қол жермей, барлық автомобиль жолдары жобаларына битумның мәлімделген қажеттілігін қамтамасыз ету жүктелді. Биылдың соңына дейін реконструкцияланған уәкіскерлерде «ақ төлеуді» өнеркәсіптік пайдалануға енгізе отырып, автомобиль жолдарын өзін-өзі қамтамасыз етуге көшіру бойынша жұмысты аяқтау қажеттігі айтылды, бұл автомобиль жолдарын нормативтік күйде күтіп ұстауға мүмкіндік береді. Облыс әкімдіктеріне «Атамекен» ҰҚП-мен бірлесіп жол бойындағы сервиз объектілерін жаңғырту және оларды Ұлттық стандартқа сәйкес келтіру жөніндегі жұмысты жандандыру тапсырылды.

Бетгі дайындаған —
Ботагөз ӘБДРЕЙҚЫЗЫ


БИЗНЕС&НАРЫҚ

▶ ОТАНДЫҚ ӨНІМ

Жиһаз жинайтын кәсіпкерге шикізат табу қиын

> [11]

— Кәсіпкерлердің өздері салық органына хат жазып, осындай жасырын цехтарға қатысты шара қолдануды сұрауы керек. Оларды көп дейді, бірақ есепте жоқ олар. Дегенмен бизнестің дамуына керемет әсер етеді деп айтуға негіз жоқ. Тендерге қатыспайды, тек жеке тапсырысты орындайды. Жиһаз дайындап жатқан қандай да бір гаражға кіріп барсақ, әлгі адам жиһазды өзіміз үшін жасап жатырмын дейді, оған ешкім тыйым сала алмайды, — деп түсіндіреді жағдайды Алматы қаласы өңірлік кәсіпкерлік палатасы кеңесшісі төрағасы Максим Барышев.



Жиһаз жинаушылардың жұмыс процесін ұзаққа созып, уақытында бітірмейтіні туралы айтып, Алматы қаласындағы тұтынушы құқығын қорғау бөліміне бытыр біршама шағым түскен. Тапсырыс берген ел жеткізу мерзімінің ұзарып кеткеніне, жасалған жиһазды айырбастаудан немесе қайтарудан бас тартқанына шағымданып жатады. Шағымның көбі тіркелмеген, жасырын цехтардың үстінен түседі екен.

Мәселен, диванның құнындағы мата 35-тен 60%-ға дейін жетеді, оның құны долларға байланысты. Егер бізде жиһаз жинауға қажет жерліктік өндіріс болса, онда ол төнге байланған болар еді, — деп түсіндіреді Бақытбек Әлімұрат. Иә, елде шикізат базасын дамыту керек.

Бақытбек Әлімұрат атап өткендей, Қазақстанда жиһаз өндірісін айналдыру тиімсіз болып келе жатыр. Елде шикізат базасы жоқ. Шикізат Ресей мен Беларусьтен тасымалданады, технология жек, оқыған маман жоқ, өнімді стандарттау ережесі, тендерге қатысу проблемасы әлі де бар. Қарантин басталғалы Қытайдан жиһаз бөлшегін, жиһаз ассортиментін алдыру да қиындап кетті.

Шикізаттың негізі — пластикалық материал. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі бұл бағытта жұмыс жүргізіліп жатқанын айтады. «Қазақстанның индустрияландыру картасы аясында OSB-плитасын (ШКО) және ДСП (Павлодар об-

лысы) өндірудің жаңа жобасы пайдалануға берілді», дейді олар. Бірақ бұл жеткіліксіз.

— Біз бәрін Ресейден әкелеміз. Алайда біз Ресей Федерациясының еуропалық бөлігінен алып жүретін плиталық өнімдегі қолқ шығынның өзіндік құны 30%-ға дейін жетеді. Бұл — үлкен шығын, — дейді Қазақстанның Жиһаз және ағаш өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары қауымдастығының узақ жыл басқарған бизнесмені Михаил Глухов. — Міне, 1500 км болатын Уфада плита зауыты ашылды, бірақ оларда өзiре барлық ассортимент жоқ. Жиһаз және ағаш өңдеу өнер-

▶ 7 СӘУІР — ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ КҮНІ

Әркім өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауы тиіс

Қоғамдық денсаулық сақтау саласының негізгі міндеттерінің қатарында — қоршаған орта тазалығын, азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін және салауатты өмір салтын ұстану екендігін, оның ішінде темекі шегу мен ішімдікке салыну сияқты көп таралған зиянды әрекеттерден аулақ болу керектігін атап өтті. Х.Досұхамедов атындағы қоғамдық денсаулық сақтау мекебесінің қоғамдық денсаулық кафедрасының профессоры, Максот Қорымұлы ҚҰЛЖАНОВ бізбен өңбеге барысында.



ГҮЛМИРА МЕРАЛИНА

— Темекі шегу мен алкогольдік ішімдіктер — адам ағзасына кері әсерін тигізіп, көптеген аурулардың тууына себепші болады. Бүгінгі күні темекі тұтынушылар қатарын толықтырып отырған жастар арасында қалыңды, электрондық темекілерді қолдану жиіленіп кетті. Соның әсерінен созылмалы бронхит, туберкулез және басқа да өкпе аурулары асқынып отыр. Ал алкогольдік ішімдікті пайдалану — адамның жүйке жүйесін қоздырып, миға әсерін тигізіп қана қоймай адам ағзасын улап, жүрек, қан тамыры, тыныс алу жолдары, көздері ісік ауруларын туғызады. Аталған өнімдерді қолданушылардың антиденесі вирусқа қарсы тұра алмайды. Қазіргі індет жайлаған уақытта адамдар ағзаға зиянды әсер ететін заттарды пайдаланбағаны дұрыс дер едім.

дыратын басты факторлардың бірі — нақты тұз екенін көбісі біле бермейді. Сондықтан құрамында тұздың мөлшері көп кездесетін тағамдарды тұтыну деңгейін азайту керек, — дейді профессор.

Тағы бір айта кететін жайт, белгіленген нормадан тыс қолданылатын кант та тұз сияқты адам денсаулығына кері әсерін тигізеді.

Қазіргі таңда шығым шегу, алкогольдік ішімдіктерден басқа, адамға пайдасызан зияны көп тағам өнімдерінің ішінде көп тұтынатын тұз бен кант — өзекті мәселелердің бірі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мамандарының кеңесі бойынша тәулігіне сіз тұтынатын ас тұзының мөлшері 3-5 граммнан аспауы керек. Ал бізде орташа есеппен күніне 15-18 грамм. Бұл көрсеткіш тұрғындардың тұзды шамадан тыс қолданатынын көрсетеді. Белгіленген нормадан 3-4 есе артып отыр. Аталған мөлшерден артық тұтыну денсаулыққа өте қауіпті, диабет, гипертония сияқты ауруларға айып келеді. Ал осы ауруларды тү-

ДДҰ кант тұтынуды ас үлесінің жалпы энергетикалық құнынан 10%-ға дейін азайту ұсынуа. Сондықтан да бұрынғы ата-бабамыз пайдаланған экологиялық таза табиғи шұбат, қымыз және сүт өнімдерін қолданған дұрыс. Сауда жүйесі сатылымға шығарып отырған дүкен сөрелеріндегі өнімдерді алап кезе саралап, құрамы мен сатылымға шыққан уақытын байқау қажет.

Қазір Алматы қаласы әкімінің қолдауымен балаларға арналған ойын алаңдары мен ересектердің

денсаулығын жақсарту алаңдары әр түрлі спорттық жабықтармен жарактандырылып, скандинавиялық жүріске, велосипедтерді, мопедтерді және электросамокаттардың қозғалысына арналған жолдар арнайы түрлі-түрлі жолақпен қамтамасыз етілген.

Алматы — табиғаты көркем де әсем қала. «Шымбұлақ» тау-шаңғы курорты мен «Медеу» жасанды мұз айдыны бар дүниежүзіндегі ең ірі спорт кешені біздің қаламызда. Сол алаңдардан бұрын қобие шет ел азаматтарын жиі байқасқ, қазіргі таңда бір қуанарлығы — балалардан бастап егде адамдарға дейін спорттың әр түрлі түрлерін айналысып, салауатты өмір салтын ұстанып жүрген айып шаһар тұрғындары қатарының көбейгендігі. Елімізде бұдан да бөлек қаншама табиғат көркіті, ауасы таза жерлер жеткілікті. Дегенмен, әлі де болса, соны өз пайдалына жаратып, бағалай алмай келеміз.

кәсібі кәсіпорындары қауымдастығының бағалауына, Қазақстанның жиһаз нарығы шамамен \$400 млн болып тұр, 2013 жылы, девальвацияға дейінгі кезеңде, бұл сан \$1 млрд-қа дейін жеткен екен.

Жалпы, Қазақстанның жиһаз өнеркәсібі қазір ішкі нарықтың тек 25%-ын ғана алады. — Біз ішкі нарықтың кем дегенде жартысын, ал келешекте 70%-ын қамтуымыз керек. Алматыда 200 кәсіпорынның 80%-ы толық салық төлейді. Сондықтан оларға көмектесу керек, жиһаз өндірісін әрі қарай дамытуымыз керек, — деп түйіндейді өзін Михаил Глухов.

ӘЛЕМДІК АҚПАРАТ



ХВҚ еліміздің ІЖӨ өсімін болжайды

Вакцинацияны бастапқы сатысын бастаған елдердегі экономика өсімінің келесігі жақсырақ өрбиді. Бұл туралы Халықаралық валюта қорының (ХВҚ) сәуір айындағы World Economic Outlook жиналысында айтылған. ХВҚ 2021 жылы Қазақстанның ІЖӨ 3,2%-ға өседі деп болжап отыр.

Айта кету керек, Халықаралық валюта қоры өзінің қазан айындағы жарияланымында өсім 3% деңгейінде болды деп болжаған-ды. Сондай-ақ ХВҚ қазандағы инфляция бойынша шолудың 6,2% көрсеткіші де сәуірде 6,4%-ға дейін өседі деп өзгертті. Қордың болжамына сәйкес, 2022 жылы Қазақстан ІЖӨ өсімі 4% құрса, инфляция — 5% өседі деп болжаған.

ХВҚ ағымдағы жылғы Қырғызстан ІЖӨ өсімінің болжамын 9,8%-дан 6%-ға дейін, Тәжікстандікіні — 6%-дан 5%-ға дейін өзгертті. Сонымен қатар Түрікменстан мен Өзбекстан экономикасының өсімі бойынша болжам бұрынғы деңгейінде — тиісінше, 4,6% және 5% деңгейінде қалған.

S&P Global Ratings

S&P және Fitch тәуелсіз рейтингті растады

Халықаралық S&P Global Ratings және Fitch Ratings агенттіктері Қазақстанның тәуелсіз рейтингін растады, ал тағы бір беделді Moody's агенттігі 2019 жылғы бағалауын өзгеріссіз қалдырған. ҚР Ұлттық банкі өзінің ресми сайтында осылай деп хабарлады.

Нақтырақ айтар болсақ, Fitch Ratings еліміздің тәуелсіз рейтингін «тұрақты» болжамымен «BBV» деңгейінде 2021 жылғы 19 ақпандан бастап растаған болатын. «Fitch пікірінше, мемлекеттік қарыз төмен деңгейде қалып отыр, ал, коронавирус індеті мен мұнай бағаларының құлдырауы салдарынан болған қиыншылықтарға қарамастан, сыртқы және қазынашылық аралық резервтер тұрақтылығын жоғалтпалы», — деп жазылған агенттіктердің хабарламасында.

2021 жылғы 31 наурызда Moody's агенттігі Қазақстан банк секторы бойынша болжамымен «жайсыздан» «тұрақты», яғни жайлы деп өзгерткен. «Қазақстанның банк саласына «жайлы» деген бағалау — экономиканың қалпына келуімен, банктер капиталының жеткіліктілігін айқындайтын жоғары көрсеткіштер және шешімді күрделі кредиттер коэффициентінің төмендеуі жүзеге асуымен — операциялық ортаның жақсаруына байланысты беріліп отыр», делінген агенттік хабарламасында.



М.Ломтадзе — елдегі ең үздік басшы

Әлем бойынша алдығы қатарлы PricewaterhouseCoopers (PwC) халықаралық консалтингтік компаниясы жүргізген CEO Survey 2021 сұрау салуының нәтижелері бойынша Kaspi.kz компаниясының тетеқушысы және басшысы Михаил Ломтадзе Қазақстанның ең үздік компания басшысы деп танылды.



Сұрау салуға экономиканың әр түрлі салаларындағы аса ірі қазақстандық компаниялардың 71 CEO, демек, бизнестен айналысатын басшылары, қатысқан. Респонденттер Kaspi.kz компаниясының асқан беделді IPO халықаралық платформасына табысты шығуын, командасының кәсіби біліктіліктерін, компанияның технологиялық саладағы ұтымдылығын және Kaspi.kz басшысының стратегиялық көрегендігін атап көрсеткен.

PwC мұндай зерттеулерді бүкіл әлем бойынша 24 жылдан бері және қазақстанда — соңғы 9 жыл бойы жүргізіп келеді. Сұрау салудың басты мақсаты — басшылардың жаһандық және ұлттық экономикадағы жағдай туралы пікірлеріне баға беру, бизнесті дамыту үшін тәуелсіз факторлар мен мүмкіндіктері айқындау.

Бақыр РАХМЕТҮЛЛИН

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

▶ ҰЛТТЫҚ БАНК

ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖАРИЯЛАНАДЫ

Ұлттық банк «Қазақстан үшін үлкен байестік векторлық авторегрессиялық модель құру» экономикалық зерттеуін жариялады.

Осы ретте бас банктің ақша-кредит саясаты департаменті директорының орынбасары Денис Чернявский атап өткендей, зерттеудің мақсаты — Қазақстанның макроэкономикалық көрсеткіштерін болжауда байес векторлық авторегрессиялық модельдерін (BVAR-модельдерін) қолдану тиімділігін бағалау. Бағаланатын BVAR-модельдің онтайлы параметрлерін іздеу тест үлгісіндегі болжамдардың дәлдігі негізінде жүргізілді. Нәтижесінде қарапайым бағамалармен салыстырғанда, Қазақстан үшін осы модельдерді қолданудың орнындағын әмпирикалық растау болды. Зерттеу жұмысында модельдерді қайта құруға мүмкіндік беретін және макроэкономикалық көрсеткіштерді талдау мен болжау бойынша оған әрі пікірталасты ынталандыратын бастапқы қол бар. «Зерттеу жүргізу — ақша-кредит саясаты бойынша шешімдер қабылдау кезінде талдау құралдарын күшейтеу арнаған инфляциялық тәртіптеу саясатының ажырамауы белгісі. Зерттеулердің жариялануы ақпараттық асимметрияны төмендеті отырып, Ұлттық банктің ашықтығы мен айқындығына да ықпал етеді», — деді ол.

▶ ТӨЛЕМ ТЕНГЕРІМІ

ТАУАРЛАР ЭКСПОРТЫ \$46,7 МИЛИАРДҚА ДЕЙІН ҚЫСҚАРДЫ

Ұлттық банк өткен жылдың қорытындысы бойынша есептік төлем тенгерімін қалыптастырды.

Төлем тенгерімінің ағымдағы шоты 2019 жылғы 7,3 млрд АҚШ доллары дефицитімен салыстырғанда \$6,3 млрд дефицитпен қалыптасты (\$ — АҚШ доллары). Ағымдағы шотты жақсартудың негізгі факторы шетелдік инвесторларға төленетін кірістің қысқаруы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен консорциум арасындағы дауды реттеу аясында Қарашынақ консорциумының қатысушыларынан түскен \$1,3 млрд сомасындағы валютаның өкелінуі болды, делінген Ұлттық банк хабарламасында.

Был қантарда жарияланған алдын ала деректер бойынша 2020 жылғы төлем тенгерімінің ағымдағы шоты \$5,9 млрд дефицитімен қалыптасты. Дефициттің \$406,1 млн-ға ұлаю жағна қарай өзгеруі негізінде халықаралық сауда жөніндегі деректерді нақтылауға және респонденттердің капитал қозғалысы бойынша келіп түскен есептеріне байланысты.

Есепті кезеңде тауарлар экспорты 2019 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда \$46,7 миллиардқа дейін 19,7%-ға қысқарды. Экспорттың қысқаруы негізінде мұнай мен газ конденсаты экспорттың төмендеуіне байланысты. Тауарлар импорты \$36,2 миллиардқа дейін 9,6%-ға төмендеді, бұл инвестициялық және аралық тауарларды әкелудің қысқаруына байланысты. Нәтижесінде сауда тенгерімінің оң салмағы \$10,5 миллиардқа дейін 42,1%-ға азайды. 2020-нан қорытындысы бойынша, тікелей шетелдік инвесторларға төленетін кіріс мұнай бағасының төмендеуі мен COVID-19 пандемиясының әсерінен \$13,9 миллиардқа дейін 34,6%-ға төмендеді.

Қаржы шоты бойынша капиталдың таза өкелінуі (Ұлттық банктің резервтік активтері мен операцияларды қоспағанда) былтыр \$15,3 млрд құралды, 2019 жылғы капиталдың таза өкелінуі \$1,6 млрд болды. Капиталдың өкелінуі негізінде «Тенішсеройл» ЖШС болашақ кеңейту жобасын іске асыруды қаржыландыруды жалғастыру, Қаржы министрінің төуелсіз облигацияларды орналастыру, Азия даму банкінен үкіметтік қарыз тарту және Ұлттық қор операцияларымен қамтамасыз етілді.

Резервтік активтер (Ұлттық қор активтерін есептегенде) был 1 қантардағы жағдай бойынша \$35,6 миллиардқа бағаланды, бұл отандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтер импорты 9,7 ай қаржыландыру қажеттілігін өтейді.

▶ ЕЭК

ЭКОНОМИКАНЫ ТҰРАҚТАНДЫРУҒА БАҒИТТАЛАДЫ

ЕЭК консультативтік комитеті экономиканы тұрақтандыру жайлы ұсыныстар әзірлемек.

Ұлттық банк өкілдері Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының жанындағы макроэкономикалық саясат жөніндегі консультативтік комитеттің XVI отырысына қатысты. Онлайн-шарға қатысушыларға «ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің 2021–2022 жылдарға арналған макроэкономикалық саясатының негізгі бағдарлары» құжаттың жобасы ұсынылды. Олаққа мүше елдердегі экономикалық дағдарыстың салдарын жедел енесеруге бағытталған бағдарламалық құжаттың негізгі тармақтары макроэкономикалық тұрақтылық, кәсіпкерлік белсенділікті қалпына келтіру үшін қолайлы жағдайды қалыптастыру және ЕАЭО ішкі нарығының мүмкіндігін кеңейтуді қамтиды.

Кезесу қорытындысы бойынша ЕАЭО мүше мемлекеттері үшін экономикалық даудың тұрақтылығы индикаторларының шекті сандық мөндерінен асып түскен ұсыныстар әзірленді. Усыныстар орта мерзімді перспективада мемлекеттік бюджетті, мемлекеттік қарызы және инфляцияны тұрақтандыруға бағытталды. Сондай-ақ қатысушылар ЕАЭО елдері мен әлемдік тәжірибені ескере отырып, экономикалық дамуға ыңсаналы көмектесу, еуразиялық инвестициялық және ғылыми-технологиялық консорциумдарды қалыптастыру тетіктері саласындағы зерттеулерді қамтитын 2021–2022 жылдарға арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарын мақұлдады.

Рымтай САҒИҢБЕКОВА

▶ АУЫЛ МЕКТЕБІ

Қаржы қайтаруының ең абзалы – білімге салынған инвестиция

Ауыл мектептеріндегі білім берудің деңгейі де, сапасы да қаладағыларға қарағанда айтарлықтай артта қалған. Бұл ретте ауылға Қазақстан Республикасының әлеуметтік жауапты бизнес өкілдері қолұшын созуы қуантады, деп жазады Forex.kz сайты.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

Мәселе, шын мәнінде, аса маңызды және өзекті: Қазақстан бойынша 5 оқушының 2-еуі ауылдық жерлерде оқиды екен, ал бұл — 2 миллиондай адам деген сөз. Айта кету керек, осыдан он жыл бұрын барлық оқушылардың жартысынан астамы ауыл енішінде болатын. Жағдай түбегейлі өзгеріп отыр. 2020–2021 оқу жылының басында: «Был Қазақстанда 7391 мектепте 3,3 миллионнан астам адам білім алады, оның ішінде 1 сыныпта 396 мыңнан аса бала оқиды», деп жазған болатын Премьер-министрдің баспасөз қызметі.

Ең өкініштісі, еліміздің ауыл мектептеріндегі білім сапасы қалалықтардан кемшін түсіп жатады және мұндай құділау жалғаса түседе. ҰБТ-2019 қорытындысы бойынша ауылдық жерлердегі әрбір төртінші бала ең төменгі қажетті 50 өту балынан да кем алған. Салыстырар болсақ: осыдан бес жыл бұрын мұндай мектеп бітірушілер бар-жоғы 12,1% (бұл ретте 2019 жылғы ең жоғары балл, 2014 жылғы 125-ке қарағанда 140-ты құраған, яғни минимум ұпай олжалау оңайлап түскен) болыпты. Орта балл республика бойынша 2019 жылы 65,5 балл құрапты. 2020 жылғы көрсеткіш одан да нашар — 64,06 балл.

Тағы бір факті: Қазақстан Республикасы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) мен IEA-ның (International Association for the Evaluation of Educational Achievement — Халықаралық оқу жетістіктерін бағалау жөніндегі қауымдастық) TIMSS (Trends in Mathematics and Science Study — Математикалық және жаратылыстану-ғылыми білім беру сапасын бағалау) аясындағы халықаралық зерттеулерге қатысады. Осындай беделді ғылыми зерттеулерге сәйкес, қалалық төртінші сыныптықтар математика бойынша өздерінің селолық сыныптастарынан 17 балл (тіісінше, 516 және 499 балл) лтері, деп хабарлайды білім және ғылым министрлігі. Сегізінші сыныптықтар көрсеткіштерінде 20 балл (тіісінше, 494 және 474 балл) алшақтық байқалады. Төртінші сыныптықтардың жаратылыс тану бойынша көрсеткіштерінде бұдан да жоғарырақ алшақтық — 24 балл қалалық оқушылар (500 және 476 балл) еншісіне бұйырған. Сегізінші сыныптықтар арасындағы алшақтық тіпті қалалықтар еншісіне 30 балл (487 және 457 балл) құрапты (1-инфографика).

Ауыл оқушылары қолдауға аса мұқтаж. Жүзеге асуы мүмкін мұндай көмек көзі — қазақстандық әлеуметтік жауапты бизнес. Мәселен, бүгінгі күнге Қазақстанда ауылдық жерлердегі талантты жастарды қолдау үшін арнайы құрылған — IQanat educational fund қайырымдылық қоры бар. Атамұш қор Johns Hopkins center for talented youth атауатын әлемдік стандарттар бойынша ұйымдастырылатын олимпиадалар өткізіп тұрады. IQanat жүзеге асыру ауыл оқушысын алдыңғы қатарлы шетелдік және қазақстандық ЖОО-ларға түсеуе дайындап шығарды.


Жобаны VI Group инвестициялық құрылыс холдингінің құрушысы Айдын Рахымбаев 59 қазақстандық бизнесменмен бірлесіп, құрған болатын. Құрылтайшылардың бюджеті ағымдағы оқу жылына 1 млн АҚШ долларын құрап отыр. Меценаттардың қатары жай салын толығы түседе (2-инфографика).

Жалпы білім беретін ауыл мектептеріндегі оқушылар саны (млн адам)




ҚР СҚРА Ұлттық статистика бюросы мәліметтері негізінде

ҰБТ нәтижелері бойынша алған балдары негізіндегі мектеп бітірушілерді бөлу



ҚР СҚРА Ұлттық статистика бюросы мәліметтері негізінде

Негізгі капиталға инвестициялар. Білім беру (млрд тр)



ҚР СҚРА Ұлттық статистика бюросы мәліметтері негізінде

2019–2020 оқу жылы IQanat олимпиадасына 34,2 мың оқушы қатысқан. 2020–2021 оқу жылында 8–ші және 9–шы сыныптарын 59 мың оқушысы қатысып үлгерген, оның үстінде осы маусымның іріктеу туры өлі оған әрі жалғасуа.

Жыл сайын 9 мың оқушы екінші тура өткен және ынталандырып тұратын нәтижелерге қатысуға мүмкіндік алады, 700 оқушы «Назарбаев Университеті» негізіндегі екіжылдық сүйемелдеу және ҰБТ-ға дайындыққа қол жеткізе алады, жыл сайын 100-ден астам бала IQanat High School of Burabay мектебіне қабылданады.

Қордың бағдарламалары еліміздің барлық ауылдық аймақтарына қамтып отырғанды да аса маңызды фактор (3-инфографика).

Жалпы алғанда, еліміздің білім беру саласында инвестициялық белсенділік өсе түскен: ағымдағы жылдың екінші айында осы сектордағы күрделі қаржы 7,8 млрд теңгені құраған, бұл — бір жыл бұрынғыдан 1,7%-ға артық. Соның ішінде 31,9%-ын бизнестің өз жеке инвестициялары қамтамасыз еткен: 2,5 млрд теңге — бір жыл бұрынғыдан бірден 17,7%-ға артық.

Дегенмен, бүкіл 2020 жылдың қорытындысы бойынша білім беру

саласын инвесторлардың меншікті қаражатынан қаржыландыру бар-жоғы 48,7 млрд теңгені құрапты, яғни 2019 жылғыдан 10,5%-ға аз. Ал, бұл — бұдан бір жыл бұрынғы 25,6%-ға қарағанда, осы сектордағы инвестициялардың жалпы көлемінің бар-жоғы 16,1%-ы ғана.

Міне, сондықтан да білім беру саласын бизнес тарапынан, өлі де болса, белсендірек көңіл бөлінуіне әуру. IQanat сияқты жобалар мысалы есепке алар болсақ, әлеуметтік жауапты компаниялардың осы сегітке жауапты айналып он әсер тигізі алатыны айқын аңғарылып отыр.

БИЗНЕС & ҚОҒАМ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЫНТМАҚТАСТЫҚ

> [11]

– «Менің Қазақстаным» ассоциациясының төрағасы доктор Владислав Соколовский жүргізген мәжілісте Қазақстан Республикасының Польшадағы төтенше және өкілетті елшісі Әлім Қирабаев, Польша Республикасының сенаторы, Сенаттың бюджет және қаржы комитетінің төрағасы Казимеж Кляйна, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазіргі заманғы зерттеулер институтының директоры, профессор Мұхит-Ардагер Сыдықназаров, Адам Мицкевич атындағы Познань университетінің профессоры Артур Кияс, «Petroleum» аналитикалық журналының баспагері Олег Червинский мазмұнды баяндамалар жасады. Сондай-ақ Зиелона Гура университетінің заң ғылымдары институтының директоры, профессор Анджей Биштыга, Қазақстан Әскери-стратегиялық зерттеулер орталығының жетекші сарапшысы, саясаттанушы Марат Шибұтов, Люблин Экономика және инновация университетінің профессоры Ежи Шукальски өз сөздерінде екі ел арасындағы тиімді ынтымақтастықты тереңдету мәселелерін сөз етті.

Биыл ақпан айының 24-25 жұлдызында Кельце қаласының халықаралық көрмесінде (Tagli Kielce) үлкен табыспен өткен Польша-Қазақстан күндеріне де тоқтама кеткім келіп отыр. Экономикалық ынтымақтастық мәселелеріне арналған салтанатты шараға Қазақстанның Польшадағы елшісі Әлім Қирабаев,

Польша Республикасының Нұр-Сұлтандағы төтенше және өкілетті елшісі Селим Хабибич, Tagli Kielce басқарма төрағасы, доктор Анджей Мохонь қатысып, сөз сөйледі. Көрме залдарында поляк компаниялары өзін-өзі таныстырды. Қазақстандағы нарық ережелері туралы вебинарда Kazakh Invest компаниясының Еуропадағы өкілі Ұбаосан Сарбабаева «Қазақстандағы инвесторларды мемлекеттік қолдау», поляк экономикасына қатысты секцияда Польша Даму, еңбек және технологиялар министрлігінің өкілі Александр Милота «Қазіргі заманғы үдерістер және ынтымақтастықтың даму келешегі» тақырыбына баяндама жасады. Сондай-ақ екі елдің компаниялары келіссөздер жүргізіп, Қазақстандағы туристік орындардың және «Әйр Астана» компаниясының тусәуекесері болды.



Өркендеу үшін өріс керек



на жасау, энергетика, фармацевтика салалары өзара байланыс үшін неғұрлым қызығушы болып табылады. Қазақстан Польшаны шағын және орта бизнес, ауыл шаруашылығы өндірісі, көлік инфрақұрылымы, экспортты және ұлттық брендті қолдау мен жылжыту шараларын ұйымдастыру саласындағы маңызды өріп-тес ретінде қарастырады.

Еуропалық Олақ елдерінің, оның ішінде Польшаның Орталық Азия елдерімен, әсіресе олардың ең үлкені

тын туристік мүмкіндіктерді ұсына алады. Экономикалық шақыруларға және халықаралық нарықтардағы дағдарыстарға қарамастан, біздің елдеріміз экономикаларының жағмыды болжамдарын ескере келіп, біз бизнес-ынтымақтастықтың жеделдеуіне, құрылатын бірлескен компаниялар, Қазақстан нарығында жұмыс істейтін поляк капиталы бар компаниялар санының артуына, тауар айналымы көлемінің өсуіне сенім артпамыз.

қалудың және мемлекеттің институт ретінде жұмыс істеуін қамтамасыз етудің қарапайым әдістерінің бірі болып табылады. Бүгінгі таңда компаниялар, өндірушілер мен дилалдар арасындағы сауда-саттық, қарым-қатынас пен байланыс біздің өркеніміздің «тамырына» қан жүгіртгіп, өмір сүру деңгейімізді, мүмкіндіктеріміз бен әлеуетімізді айқындап отыр.

Мен Польша-Қазақстан қарым-қатынастарының сенімді сипатта екенін мәлімдеуге қуаныштымын. Бүгінгі таңда Қазақстанда поляк капиталы қатысатын 100-ден астам кәсіпорын бар. Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия мен Польша инвестиция және сауда агенттігінің (РАИ) Нұр-Сұлтандағы кеңсесі табысты жұмыс істеуде. Экономикалық салада қажетті шарттық-құқықтық база жасалған.

Редакция: Поляк-Қазақстан сауда-энергетика палатасы 2008 жылы 17 қаңтарда поляк және қазақстандық кәсіпкерлердің мүдделерін ескеріп отыру үшін құрылды. Польша-Қазақстан ынтымақтастығына мүдделі серіктес компанияларға көмек көрсету, жаңа құрылымдар мен мекемелердің, іскери серіктестердің, компаниялар мен кәсіпкерлердің өзара байланысын орнатуға көмектесу палатаның негізгі мақсаты болып табылады. Палата міндеттеріне Польша мен Қазақстан арасындағы экономикалық қатынастарды дамуына ықпал ету, әлеуетті серіктестер арасындағы қатынастарды орнатуға көмектесу, сауда миссияларын, симпозиумдарды, оқу семинарларын мен конференцияларын ұйымдастыру кіреді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылғы 1 қыркүйекте жарияланған «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты халыққа Жолдауында инвестициялар тарту тақырыбына ерекше назар аударды. Сөйтіп, мемлекет пен инвесторлар арасындағы келісімдерді бекіту үшін жаңа құрал – стратегиялық инвестициялық келісім енгізілді. 10 арнайы экономикалық және 20 индустриялық аймақ белсенді жұмыс істеуде, инвесторлар олардың ауқымында қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етіліп, мемлекеттен қолдау алады. Қазақстан поляк инвесторларына инвестициялық преференциялар мен жеңілдіктер тегінін ұсынуға дайын.



Өздеріңіз білесіздер, Қазақстан бүгінгі таңда шетелдік инвесторлар үшін неғұрлым тартымды нарықтардың бірі болып табылады. Дәйекті реформалар және құқықтық, институционалдық шеңберлерді жетілдіру халықаралық рейтингтік институттар тарапынан жоғары баға алады. Қазақстанның географиялық жағдайы елді Шығыстан Батысқа, Солтүстіктен Оңтүстікке және керісінше баратын көлік дәліздерінің табиғи жолдарығы ретінде ұсынады. Еуразиялық экономикалық одақтың мүшесі бола отырып, 180 миллиард доллар астам халық бар нарыққа жол ашады. Мұның барлығы поляк бизнесін тығыз өріптістікке тартып отыр. Бұл орайда құрылыс салу және құрылыс материалдарын өндіру, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу, маши-

– Қазақстанмен сауда-саттық жасауы Польша мемлекетінің, сондай-ақ Қазақстанның экономикалық саясатының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. COVID-19 пандемиясына дейін жылына 2 миллиард доллардан астам өзара сауда айналымы құлдырамауға тиіс, үстіміздегі 2021 жылы ол өседі деген үміттеміз. Поляк кәсіпорындары мен компаниялары Қазақстан нарығына көбірек бағрғысы келеді, ал қазақстандық компаниялар Польшамен және поляк кәсіпорындарымен сауда жасауға ниеттеніп отыр. Дәстүрлі поляк алмалары ғана емес, Польша Қазақстанда танымал және лайықты орынға ие. Қазақстан компаниялары да көп нәрсені, атап айтқанда қазіргі кезде көптеген елдерде маңызды экономикалық сала болып табыла-

– Қазақстанмен сауда-саттық жасауы Польша мемлекетінің, сондай-ақ Қазақстанның экономикалық саясатының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. COVID-19 пандемиясына дейін жылына 2 миллиард доллардан астам өзара сауда айналымы құлдырамауға тиіс, үстіміздегі 2021 жылы ол өседі деген үміттеміз. Поляк кәсіпорындары мен компаниялары Қазақстан нарығына көбірек бағрғысы келеді, ал қазақстандық компаниялар Польшамен және поляк кәсіпорындарымен сауда жасауға ниеттеніп отыр. Дәстүрлі поляк алмалары ғана емес, Польша Қазақстанда танымал және лайықты орынға ие. Қазақстан компаниялары да көп нәрсені, атап айтқанда қазіргі кезде көптеген елдерде маңызды экономикалық сала болып табыла-

НАРЫҚ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

ПАРЛАМЕНТ

ҚАНША ЖЕР ШТЕЛДІКТЕРГЕ ЖАЛҒА БЕРІГЕН?

Елімізде қанша гектар жер алқабы шетелдіктерге жалға берілген?

Жер қатынастары мәселелері туралы заң жобасы талқыланған Мәжілістің жалпы отырысында депутат Фахриддин Қаратаев: «Заң жобасына сәйкес, 2016 жылғы 1 шілдеге дейін, яғни мораторий енгізілгенге дейін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелеріне уақытша пайдалану құқығы шетелдік жер пайдаланушыларға, шетелдік қатысу үлесі бар бірлескен кәсіпорындарға және қандастарға жалдау мерзімі аяқталғанға дейін қолданылады әрі ұзартылуға жатпайды. Осындай адамдардың саны және олар иеленетін ауыл шаруашылығы жерлерінің аяндағы қанша көлемде екені туралы деректер бар ма, сондай-ақ олардың жалдау мерзімі қашан аяқталады?» – деп сұрады.

Осы ретте ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров қазіргі таңда мұндай жерлер бар екенін айтты. «Атап айтқанда, 74,4 мың гектар ауыл шаруашылығы жері 7 бірлікке кәсіпорынға жалға берілген. Оған басқа екі шетелдік заңды тұлға 18,5 мың га жерді бүгінгі күні жалға алып отыр. Бұлардың барлығы мораторий енгізілгенге дейінгі алынған жерлер. Олардың жалға алу мерзімі 2022 жылдан 2025 жылға дейін. Осы уақыт өткеннен кейін бұл жердің барлығы мемлекетке қайтарылады», – деп С.Омаров.

Кеше Мәжілістің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды. Заң жобасында ауыл шаруашылығы жерлерін шетелдіктерге және шетелдік компанияларға, шетелдік үлесі бар қазақстандық компанияларға, азаматтығы жоқ адамдарға, халықаралық қатысуы бар ғылыми орталықтарға, сондай-ақ қандастарға беруге толық тыйым салу көзделген. Сонымен қатар, заң жобасында бұдан бұрын шетелдіктер және шетелдік үлесі бар қазақстандық компаниялар жалға алған ауыл шаруашылығы жерлерінің пайдалану мерзімі ұзартылмайтындығы және олардың иелігінде сол мерзім аяқталғанға дейін ғана болатыны қарастырылған.

Ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаровтың айтуынша, қандастар жеке қосалқы шаруашылығы, бау-бақша және саяжай құрылысы үшін жер учаскесін ала алады, ал ауыл шаруашылығы жерлерін Қазақстан азаматтығын алғаннан кейін ғана жалға алуға мүмкіндігі бар.

ИНДУСТРИАЛАНДЫРУ

КОСЫМША ИНВЕСТИЦИЯЛАР МЕН ЖАҒА ТЕХНОЛОГИЯЛАР ТАРТУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

Қарашығанақта газ бойынша өндірістік шектеулерді алу жобасы сөтті аяқталды.

«Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг б.в.» (КПО) компаниясы Қарашығанақ кен орнындағы газ бойынша өндірістік шектеулерді алу (КГӨША) жобасының сөтті аяқталғанын хабарлады.

Өндірістік нысандарды іске қосу шарасында сөз алған КПО бас директоры Эдвин Блом: «Біз Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қарашығанақ кен орнын одан әрі игеру жөніндегі тұжырымына толық сәйкес келетін осы маңызды жетістігіміз туралы қуана қарбалымыз. КГӨША сөтті аяқталуы Қарашығанақ кен орнын үзіксіз игерудің тарихи кезеңін білдіреді. Бұл жоба жоғары қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Дегенмен компания алдында бұдан да ауқымды міндеттер тұр. Мысалы, Қарашығанақты болашақ кеңейту жобасы. Ол жаңа жұмыс орындарын ашуға, қосымша инвестициялар мен жаңа технологиялар тартуға мүмкіндік туғызады», – деп ол.

Өз кезегінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасы Алік Айдарбаев 2018 жылдың соңында құрылысы басталған «Газ бойынша өндірістік шектеулерді алу» жобасын биыл төртінші тоқсанда аяқтау жоспарланғанын айтты. «Дегенмен, COVID-19 пандемиясына байланысты шектеулер қарамастан, барлық жұмыстар уақытынан бұрын аяқталды. Жобаны іске асыру жинақталған сыйық көмірсутектер өндірісінің қосымша өсімін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Дегенмен компания алдында бұдан да ауқымды міндеттер тұр. Мысалы, Қарашығанақты болашақ кеңейту жобасы. Ол жаңа жұмыс орындарын ашуға, қосымша инвестициялар мен жаңа технологиялар тартуға мүмкіндік туғызады», – деп ол.

Бүгінде дейін КПО консорциумы Қарашығанақ кен орнын игеруге 27 миллиард АҚШ долларынан астам инвестиция салды, оның ішінде 8,2 миллиард жергілікті тауарлар мен қызметтерге жұмсалды. КГӨША жобасының жергілікті қамту үлесі 57%-ды құрады.

Ғымытай САҒЫНБЕКОВА

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

ШОЛУШЫ БАҒАНЫ



Рейтингтік агенттіктер болжамдарын өзгертті

Каржы нарығын қас қақпай қадағалайтын, болашақты болжап, келешекке көз тіккенде қалтағай пұлға емес, базардағы бағаға қарап бал ашатын рейтингтік агенттіктердің алғашқы үштігінен ойып орын алатын Moody's еліміздің банк жүйесінің жағдайын «негативтен» «трактыға» өзгертіп, Fitch Ratings тәуелсіз рейтингті «тракты» деген болжаммен «BBB» деңгейінде растағанын, ал аузын айға білеген осынау жорамалшылардың бұрынғы райдан қайтуына макроэкономикалық жағдайдың жақсаруы және активтер сапасының нашарлау қаупінің төмендеуі себепкер болғанын бұныларды тілге тиек еткенбі. Ал үстіміздегі ақпан-наурыз айларында S&P Global Ratings және Fitch Ratings екеуі бірлігі Қазақстанның тәуелсіз рейтингін қайтадан құтайтындығын жария етті.

Сарапшылардың пікірінше, Қазақстан коронавируc пандемиясы басталғаннан бері өзінің рейтингтік позицияларын сақтап қалған елдердің бірі болып табылады. Банк жүйесіндегі өзгерістер, шектеулердің біртіндеп алынып тасталуы және әлемдік мұнай бағасының қалпына келуі жалпы ішкі өнімнің өсуіне, экономикалық белсенділіктің жаңдануына, қаржы-кредит мекемелері мен олардың борышқорлары үшін операциялық жағдайдың жақсаруына ықпал етеді деген үміт мол. Сонымен бірге Ұлттық банктің тарихи жоғары инфляциямен күресу үшін көтеріңкі нақты пайыздық мөлшерлемелі ұстап тұруға басымдық берінуі байланысты несиелі өсім қалыпты болып қалуы. Алайда, мемлекеттік қолдау шаралары біртіндеп жойылған соң бизнесті жүргізу шарттары қиындауы ықтимал.

Сөйтсе де Moody's ел экономикасы биылғы жылы 3,5 пайызға өседі деп болжап жасап отыр. Ал, Fitch-тің пікірі бойынша мемлекеттің борышында тікелей деңгейде, сыртқы және фискалдык бұйерлік резервтер болса да коронавирус пандемиясына және мұнай бағасының төмендеуіне байланысты тұнмалы мүмкін тосын өзгерістерге бекемдік көрсетті. Агенттіктің талдауына сәйкес теңгенің еркін ауыспалы айырбастау бағамы 2020 жылғы мұнай бағасына тұнғандықтан ауытқулары реттеуде негізгі рөл атқарды. Осы ретте Fitch агенттігі Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және даму агенттігі жүргізген активтердің сапасын тәуелсіз бағалаудың Қазақстан банк секторының орнықтылығын арттырудағы маңызды рөліне де тоқталды. S&P Global Ratings агенттігі болса үстіміздегі наурызға еліміздің тәуелсіз рейтингін «тракты» деген болжаммен «BBB-» деңгейінде растағанын айтып өтті.

Сарапшылар Қазақстанның фискалдык және сыртқы экономикалық көрсеткіштері жақын арадағы екі жылда қуатты болып қалады деп отыр. S&P агенттігі қарантиндік шектеулердің әлсіреуі, мұнай бағасының өсуі, өндіріс көлемінің ұлғаюуы есебінен ел экономикасының өсуін 3,2 пайыз деңгейіне болжады. Сонымен қатар саудаларды серіктес елдердің экономикасының қалпына келуі жөнінде де жорамал жасап отыр. Агенттігі үстіміздегі жылғы инфляция 6,5 пайызға дейін бауалатынын болжады. S&P өткен жылдың қорытындысы бойынша 37 пайыз болған депозиттері долларлардан ауру деңгейінің төмендеуі үрдісі жағаласып келе жатқанын атап өтті. Талдаушылардың пікірі бойынша теңгенің еркін өзгерімі айырбастау бағамы өткен жылы мұнай бағасы құлдығардан кезде экономиканың сыртқы қысымға төтеп берінуі мүмкіндігі берген. Агенттік алдағы жылдан бастап Ұлттық банктің экономикалық қолдау бағдарламаларынан шығуы қаржылық реттеушінің инфляциялық таргеттеу және ақша-кредит саясатын ұстанатынын білдіреді, деп бағалады. Moody's агенттігі шетел валютасындағы қоматқы резервтерді, сондай-ақ экономика мен халық кірісі өсуінің жоғары әлеуетін атап көрсетті, сөйтіп банк секторы бойынша болжамды «еріс-тен «тракты» деңгейге өзгертті. Экономикасы қалпына келтіруге банк капиталының жеткіліктілігіне және түйткілді кредиттер коэффициентінің төмендеуіне негізделген операциялық жағдайдың жақсаруына байланысты Қазақстан банк секторы оң бағаланды.

Үш халықаралық агенттіктің өкілдері экономиканы одан әрі өртаптаңдыру, алға қойылған мемлекеттік және экономикалық реформаларды жүзеге асыру, макроэкономикалық көрсеткіштерді нығайту, кәсіпкерлікті дамыту, қаржы секторының тұрақтылығын арттыру түйтпел келгенде елдің тәуелсіз рейтингін көтеріп, отандық экономика позициясын күшейтуге және өндірісті қалпына келтіруге ықпал ететінін атап өтті. Енді тілге тиек етіліп отырған өзгерістердің экономикаға әсеріне тоқталып өтейік. Атап айтқанда, үстіміздегі наурызда нақты сектордағы 459 кәсіпорынға жүргізілген ая сайынғы сауалнаманың нәтижелері бойынша іскерлік белсенділік индексі өткен жылдан басынан бері алғаш рет 50 тармақтан асып, 50,6-ды құрады. Қызмет көрсету саласында индекc 51,2, өндірісінде — 50,2 деңгейінде келсе, алдағы — 46,5 болды. Іскерлік белсенділік индексі қызмет көрсету және өнеркәсіп салаларында өсу аймағына өтіп, 51,2 және 50,2 шамасына жетті. Өнеркәсіптегі көрсеткіш тауарлы-материалдық қор кәлеметінің ұлғаюуына, жеткізу мерзімінің қысқаруына және жаңа тапсырыстардың артуына байланысты оң аймаққа өтті. Қызмет көрсету саласы үшін индекстің барлық бөліктерінде жақсару байқалды. Дегенмен, құрылыс іскерлік белсенділігінің төмендеуі тенденциясы жалғасуда, көрсеткіш индекстің барлық бөліктерінің нашарлауына орай 0,9 тармаққа төмендеп, шамамен 46,5-ті құрады. Қазақстан аймақтары бойынша кәсіпорындардың іскерлік белсенділігінің жақсаруы Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Қарағанды, Павлодар, Ақмола, Қызылорда, Жамбыл және Ақтөбе облыстарында, Шымкент пен Нұр-Сұлтан қалаларында орын алды. Ендігі мінез — он өзгерістерді байланысты.

ҚАРЖЫ

Теңгедегі салымдар үлесі артты


Халықтың теңгедегі салымдарының үлесі депозиттік негізді 63%-ын құрады, бұл — абсолюттік рекорд. 2021 жылдың 25 наурызына, бір апта аясында 1,2%-ға әлсіреп, ұлттық валютаның айырбас бағамы 424,1 теңге деңгейінде қалыптасты, деп жазды ranking.kz сайты.

ИСА ҚАМБАР

Айта кету керек, бұл ретте ұлттық валютамыздың әлсіреуі: жаңа шектеулер енгізілуі, мұнай белгілемдерінің құлдырауы, дамушы нарықтардағы risk sentiment (тәуекелге бейімділік — ағылш.) нашарлауы, әлемдік нарықтардағы АҚШ долларының нығаяуы және Қазақстанда салық төлемдері кезеңінің аяқталуы сияқты бірнеше факторларға байланысты өрбip отыр.

Соңғы күндері энергия тасымалдаушылардың нарықтарында құбылмалылық артқан. Әлемде COVID-19 індетіне байланысты сұраныстың қайтарылуы бола-

Дамушы елдер валюталары бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі. 01.01.2021 – 25.03.2021



Investing.com мәліметтері негізіндегі Ranking.kz есептемелері

2-инфографика

Тұрғындар салымдарының долларландырылу деңгейі. Халық салымдарының валюталар бойынша құрылымы. Ақпан



ҚРҰБ мәліметтері негізіндегі Ranking.kz есептемелері

рына аландаушылық танытып, бірақтар еуропалық елдердегі карантиндік шектеулердің қатаяюуы «қара алтынның» белгілемдері құлауына әкеп соқты. Мәселен, осы жылдың 25 наурызында Brent маркалы мұнайдың бағамы, бір күнде 3,8%-ға құлдырап, 61,95 АҚШ долларын құрады.

Еске салар болсақ, теңге бағамының құбылмалылығы айырбас бағам саясатының іс жүзіндегі төртпінтесі болып табылады. Мұндай төртпінтесі сыртқы талықсыздаларға автоматты түрде көңіл бөлуге және түбегейлі факторлардың өзгерулерінен кейін қысқа мерзімде тепе-тең мөнге жетуі мүмкіндік береді, ал бұл экономиканың барлық секторлары мен қаржылық нарықтың сегменттері орнықты дамуына ең жақсы дәрежеде жағдай жасамак.

Қазақстандық теңге серпіні үшін мұнайдың бағамы негізгі іргелі фактор болып табылады (1-инфографика).

Дағдарыс кезінде айырбас бағамының құбылмалы саясаты мейлінше қисынды болып есептеледі. Жалпы алғанда, биылғы жылдың басынан 25 наурызға дейін ұлттық валютамыздың бағамы мән берерліктей емес — бар-жоғы 0,1%-ға әлсіреген. Басқа дамушы елдердің валюталарымен салыстырғанда теңге дағдарыстан өзгелерден азырақ зардап шеккен, бұл ретте тек үнділік рупия ғана — 0,6%-ға нығай алған.

Өзіміз қарастырып отырған басқа да дамушы елдер валюталарының серпіні айтарлықтай нашар. Мәселен, индонезиялық рупия нақ осын-

дай кезеңде 1,5%-ға әлсірепті. Ресейлік рубль Орталық банк негізгі мөлшерлемесін көтергеніне қарамастан, одан әрі әлсіреген. Жыл басынан бері ресейлік валюта АҚШ долларынан 2,4%-ға төмендеген. Бұған мұнай белгілемдерінің құлдырауы түріндегі жайсыз сыртқы жағдай мен жаңа ықпалшаралар жариялануынан тайсалған шетелдік инвесторлардың рубльдегі облигациялардан бастарын ала қашуы себеп болып отыр. Бөрінен ауыр ел президентінің Petrobras мемлекеттік компаниясының басшысын жұмыстан босату шешімі және инвесторлардың тәуекел-зауықтары нашарлауы аясында бразилиялық реал (8,7%-ға) әлсіреген. Өз кезегінде, Түркияның лирасы 6,7%-ға, мексикалық песо — 3,9%-ға,

СЫРТҚЫ ФАКТОР

26 наурыз – 2 сәуір аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу*

Сауда-саттық қорытындысы бойынша 2 сәуірде теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 0,6%-ға (424,28-ден) күнсызданып, бір АҚШ доллары үшін 426,84 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2021 жылғы 26 наурыз — 2 сәуір аралығындағы кезеңде дамушы елдер валюталарының серпіні әртүрлі бағытта болды. АҚШ президенті Джо Байден \$2,25 трлн сомаасын АҚШ-тың инфрақұрылымдық жоспарын ұсынды. Тәуекелді активтер КХР бірнеше IT-компанияларының ірі пакеттерін нарықта сатуына байланысты құбылмалылықты көрсетті. КХР-дағы өндіріс өнеркәсіпіндегі іскерлік белсенділік индексі 2020 жылғы қарашадан бері ең жоғары деңгейге көтеріліп, (ақпандағы 50,6-дан) 51,9-ға дейін өсті. Наурызда АҚШ-та жұмыс орындарының саны 916 мыңға ұлғайды (соның 7 айдағы ең жоғары көрсеткіш), жұмыссыздық деңгейі 6%-ға дейін төмендеді. Дамушы елдер валюталары-



бағамдарына қатысты өзгерістерге жауап бергенін серпіні төмендегідей қалыптасты:

- Оңтүстік Африка ранды Түркия инвесторларының ОАР-ға капиталды реаллокациялау аясында 2,1%-ға (14,98-ден 14,67-ге дейін) нығайды;
- Мексика песоcы ОПЕК+ мүшелерінің ағымдағы өндіріс шектеулерін сақтауды күтуіне байланысты мұнай баға белгілеуін өсуі аясында 1,3%-ға (20,58-ден 20,31-ге дейін) нығайды;
- Бразилия реалы Президентінің Конгресстен қарымқатынасты жақсарту әрекеттері

дейін) әлсіреді. Реттеушінің жаңа төрағасы инфляциялық таргеттеу режимінің сабақтастығы мен сақталуы туралы хабарлады;

- Ресей рублі еңбек нарығындағы жақсартуларға байланысты АҚШ доллары бағамының нығаяуы аясында 0,9%-ға (75,65-тен 76,3-ке дейін) әлсіреді. ФКО аукциондары санкциялық белгісіздікке байланысты бейресиденттердің елеулі қатысуына өтті;
- Үнді рупиясы АҚШ доллары бағамының жаһандық нығаяуы, импорттаушылар тарапынан шетел валютасына сұраныс және еркін-тестей позицияларын шетелдік инвесторлардың жабуы аясында 1,1%-ға (72,52-ден 73,33-ке дейін) әлсіреді.

* Шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі ашық дереккөздерінде негізінде атап сайын дайындайды; * АҚШ долларына қарағанда келеді жерінен неғұрлым көп сатпалатын дамушы елдердің валюталары.

БИЗНЕС & ҚОҒАМ

▶ БАЙЛАНЫС



Бала құқығы – басты назарда

БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) өкілі Артур ван Дизен және «Қазпошта» АҚ басқарма төрағасы Сәкен Сәрсенен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

САЛТАНАТ ҚАЖЫКЕН

Меморандум аясындағы серіктестік Қазақстандағы балалардың құқықтары мен әл-ауқатын жақсарту үшін жүйелі жұмыстарды құруға бағытталған және келесі ұзақ мерзімді стратегиялық бірнеше мақсаттарды қамтиды. Атап өтсек: Балалар мен жастардың мүдделерін алға бастыруда бизнестің рөлін нығайту; Бірлескен ақпараттық науқандар, іс-шаралар және материалдарды тарату арқылы балалардың құқықтарын жүзеге асырудағы халықаралық стандарттар мен сәтті тәжірибе туралы халықтың хабардарлығын арттыру; Донорлық мәдениетті насихаттау және әлеуетті донорлар мен серіктестерге балалар үшін жүйелі жұмыс жасау үшін қолайлы жағдай жасау.

«ЮНИСЕФ – бүкіл әлемдегі балалардың мүддесі үшін әрекет ететін ең беделді ұйымдардың бірі. «Қазпошта» АҚ әлеуметтік жауапты компания ретінде балалар мен жастардың мүдделері үшін жобалар мен ақпараттық науқандарды қолдауға дайын. Сондай-ақ, мен Қазақстанның

Бала құқықтары туралы конвенцияға қол қойғанының 25 жылдығына орай биыл біз мерейтойлық пошта маркасын шығаратындығымызды қуана хабарлаймын», – деп атап өтті «Қазпошта» АҚ басқарма төрағасы Сәкен Сәрсенен.

Меморандумға қол қою барысында ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы өкілі Артур ван Дизен серіктестік қарым-қатынастарды құрудың маңыздылығын айта отырып, бизнес сектордың балалардың жағдайын жақсартуда маңызды рөл атқаратындығын атап өтті. «Біз балалардың сапалы қызметтерге, оның ішінде денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғауға тең қол жетімділігін жақсарту үшін жүйелі өзгерістерді жасауға дайын компанияларды қолдаймыз. Біз бүкіл Қазақстан бойынша пошта, қаржылық және электронды қызметтерді ұсынатын «Қазпошта» АҚ-мен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қоюға қуаныштымыз. Меморандум аясындағы әл-ауқатын жақсарту үшін жүйелі жұмыстарды құруға бағытталған», – деп Артур ван Дизен.

Айта кету керек, ЮНИСЕФ ең мұқтаж балаларды қамту үшін бірқатар елдерге және аумақтарда аса қиын жағдайларда жұмыс жасайды.

▶ ДҮБІРАІ ДОДА

Он бір жүлдені қанжығамызға байладық



Түркияның Ыстанбул қаласында мересіне жеткен жүзден ересектер мен жастар арасындағы халықаралық турнир отандық спортшыларымыз үшін табысты аяқталды.

АЙБОЛ КӘДІРБАЙ

Олимпиада алдындағы оқу-жаттығу жиындары аясында өткен байрақты бәсекеде біздің спортшылар 11 медаль жеңіп алды. Атап айтар болсақ, Дмитрий Баланин 50, 100 және 200 метрге брасс әдісімен жүзуде топ жарса, 50 метрге баттерфлай жарысында күміс жүлдені қанағат тұтты. Әсіресе Олимпиада чемпионы 200 метрге брасс әдісімен жүзуде ерекше көзге түсті. Ол аталмыш қашықтықты 2 минут 10,11 секундта жүзді өтті.

Ал әлісіпен 100 метрге жүзуде Әділбек Мусин тұғырды биік сатысынан көрінді. Сонымен қатар ол 50 және 100

метрге жүзуде күміс жүлдені жеңіп алды. 50 метрге еркін әдіспен жүзуде Александр Варакін бірінші орын алды.

Әйелдер арасындағы жарыста да жерлестеріміз сәтті өнер көрсетті. Брасс әдісі бойынша 50 метрді Аделина Пчелинцева бірінші болып жүзді өтсе, 100 метрге жүзуде күміс медаль иеленді. Тағы бір отандасымыз Анастасия Резванцева 200 метр қашықтықта екінші болды. 100 метрге шалқалап жүзуден Әділ Қасқабай төртінші орын иеленді. Әйелдер арасындағы осы қашықтықта Анастасия Резванцева алғашқы төртікке енген.

Биыл жазда байрағы көтерілетін XXXII Жазғы Токио Олимпиадасында жүзден 37 алтын жүзде сарапқа салынатын болады. Тек бұл спорт түрі бойынша 10 күнге созылатын бәсекеде әлемнің үздік жүзгіштері бақ сынайды деп күтілуде.

▶ ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА

Экологиялық журналистика: Арнайы курс өтті

Экология мәселесі бүгінгі күннің өткір мәселесіне айналды. Ғаламдық жағдай барған сайын күрделене түсуде. Айналадағы ортаны қорғау проблемасы алға шығып отырғаны ақиқат. Бір қунарлығы, елімізде табиғатты сақтау саласы бойынша халықтың сауатын арттыру мәселесі қолға алынып, маңызды шаралар жасалынып жатыр. Кез келген тақырыпта өзекті мәселерді қозғап, әлеумет арасына насихаттап, дамытуға күш салатын бірден бір маман – журналистер. Сондықтан алдымен қазір дайындау түйткілі шешім алын абзал.

НҰРЛАН ҚҰМАР

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі мен Әу-Фараби атындағы ҚазҰУ ынтымақтастық меморандумы аясында экология саласында маманданған журналистерге арналған әдеріс өтті. Жаһандық қоршаған орта өзгерістері мен жергілікті экологиялық проблемалар – журналистерге арналған курстың басты білім беру бағыты болып саналды. Экологиялық сауаттылықты арттыру, экологиялық мәселелер тақырыбында журналистік материалдар даярлаудың медиа құралдарын үйрену модулі шығармашылық кешенді қамтыды. БАҚ-та экологиялық мәселелерді жариялау, экологиялық білім беру мен тәрбиелеу, қалдықтарды кәдеге жарату және қоршаған ортаны қорғау мәселелері талқыланды. Аталған шараға ғалымдар, журналистер мен экологиялық саланың еріктері қатысты.

БҰҰ Жаһандық коммуникациялар департаментінің өкілі – Қазақстандағы БҰҰ Ақпараттық бюросының басшысы Властимил Самек: «Тұрғындар арасында экологиялық ақпарат таратудың үлкен жауапкершілігі бар. Экологиялық ойлауды қалыптастыруда университеттердің салалық кафе-



драларының орны айрықша. Сондықтан ол туралы білім мен ақпарат кенінен таралуы және көжетімді болуы тиіс», – деді.

Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан бойынша Алматыдағы ЮНЕСКО Кластерлік Бюросы Коммуникация және ақпарат маманы Сергей Карнов Тұрақты даму мақсаттары аясында экологиялық журналистика бойынша білім берудің бағдарламаларын таныстырды. Университеттің Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы мен Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының ғалымдары, тәжірибешіл экологтар қауымдастығы спикерлердің теориялық мәселелерден практикалық дағдыларға дейінгі кешенді қамтыды.

«Экология мәселесінің ауқымы кең, дегенмен ол әр адам баласының өміріне қатысты болуы тиіс. Қазақстан Республикасының жаңа экологиялық кодексінің түсіндіруден бастап, мамандар БАҚ-

та жиі аталатын биосфераның даму мақсаттары аясында экологиялық журналистер, төтенше жағдайлардан қорғану, экологиялық тәуекелдер, экологиялық ізді есептеу сияқты кәсіби проблемаларды кенінен талқылады. Зертханалық жағдайда журналистер сұдың органоптикалық көрсеткіштерін талдады. Журналистерге ұсынылған экологиялық минимум – биомүзей, жасыл технологиялар зонасымен жақын таныстырған кампусқа әкөтулермен аяқталды. ҚазҰУ Ғылыми кітапхана қоры «Экология. Тұрақты даму мақсаттары. Журналистика» тақырыбында кітап және БАҚ материалдар мен фотосуретші Асылхан Әбдірайымның «Қазақстанның көркем табиғаты» фотокөрмесі де шараның өдісте-мелік, визуалдық модульді нығайтқаны рас», – деп атап өтті бағдарлама үйлестірушісі, ҚазҰУ-дің Журналистика факультетінің баспасөз және БАҚ кафедрасының менгерушісі Гүлмира Сұлтанбаева.

Елуден астам БАҚ маманы экологиялық мәселелерді қалай жазу керектігі төңірегінде білімін арттырды. Оқу курсының аяқ-таған республикалық және өңірлік ақпарат құралдарының қызметкерлеріне сертификаттар табысталды.

Иә, қазір Жер шарындағы экология мәселесі күннен-күнге күрделеніп барды. Қазір ғаламшарымызда 8 миллиардқа жуық жұмыр басты пенде тіршілік етеді. Жылна орташа есеппен 93 миллион адамға есеппен бара жатқандықтан жер шары болашақта адам баласын асырауға қауқары жетпейді. Өткен ғасырдың бас кезінде-ақ академик В.И.Вернадский тауу болашақта Жердің табиғатындағы антропогендік сипаттағы, адамның қарекетінен болатын өзгерістер планеталық сипат алады деп болжаған еді. Бұл болжам нақты шыныдыққа айналды отыр. Сондықтан қоршаған ортаны сақтап, тауу арада адам баласы жасыл экономикамын тиімді түрде жолға қоюы тиіс.

▶ ТУҒАН ЖЕР

Қату тауы – Алматы облысындағы «Атынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде орналасқан. Ол ежелгі жанартау атқылауынан пайда болған. Оған «Атынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің Кербулақ ауданы, Баспш ауылындағы орталық кеңесі немесе Алматы қаласындағы филиалынан рұқсат қағазын алу арқылы ғана талмаулауға болады. Жанартаудан аққан ыстық лавалардың қату әсерінен бұл жерде әр түрлі пішіндегі тастар қалыптасқан. Мыңдаған жылдар өтсе де, ерекше қалыптар, яғни пішіні мен үкендігі әр түрлі ойықтар, саңылаулар, ірілдер сол күні сақталып қалған. Бұл пішіндер бірде сөреге, бірде ыдысқа, бірде хан тағына ұқсайды. Сондай-ақ жер рельефінің әр түрлілігіне байланысты таулар жасыл, қызғылт және т.б. түстерге боялған. Осындай ерекше жаратылыс тауға ерекше көрік бөріп тұр.

КАТУ ТАУЫ



Суретті түсірген Д.Балабекулы

Қазақ ГАЗЕТТЕРІ
Құрылтайшы және шығарушы: «ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Бас директоры – Редакторлар кеңесінің төрағасы ШАМШИДИН ПАТТЕЕВ
Қайырымды Бөлмесі 272-87-30
Жарнамалық бөлме 267-00-44
www.tengemonitor.kazgazeta.kz
E-mail: kaz_gazeta@mail.ru

ТЕНГЕ MONITOR
Бас редактор Нұржан ҚУНАТҰЛЫ
Бас редактордың орынбасары – жұрттық қатысу РЫМЫС САҒЫНБЕКОВА
Бөлім редакторлары: Ботагөз ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ, Истан ҚАМБАРОВ, Нұрлан ҚҰМАР, Гүлмира МЕРАЛИНА
Бетшеуі: Ернар ОРМАНОВ
«Қазақ газеттері» ЖШС-ның аймақтардағы өкілдіктері:
Ақтөбе облысында: Жанғабай Қабақбаев 8 771 769-6322
Маңғыстау облысында: Бектур Телуғалиев 8 701 774-2121
Газагеттің терілуі мен бет қатпауы «Қазақ газеттері» ЖШС-ның компьютерлік орталығында жасалды. ©Фотосік басылған.

АҚПАДАСТАР АЛҚАСЫ:
АЛШАНОВ Рахман
ӘБДИМАННОВ Сәрсенғали
БЕКБОЛАТҰЛЫ Желісбай
ЕСПІЛОВ Тілекес
ҚАЛИЕВ Габи
НҰРСЕЙІТ Айтқали
САЛТАБАЕВ Әбілғазалар
САТЫБАЛДИН Саңдық
ТӘМІРБЕКОВ Нұрлан
ГУЗОВСКИЙ Петр (Польша)

Тапсырыс: 1513.
Таралымы: 5000.
Газет атпасына 1 рет шығады.
Газет «Дүбір» РТБҚ ЖШС-да басылады.
Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17 үй.
Тел.: 273-50-53.

МЕМН ЖАЙЛЫҚ:
050013, Алматы қаласы,
Жетісу ауданы,
175-А кәсіпшілігі
463-Бөлек (Төлеуілер)
Тел.: 272-87-84
404-Бөлек (Бас редактор)
Тел.: 267-36-34
Факс: 272-86-11
E-mail: kazekonomika@mail.ru
www.tengemonitor.kazgazeta.kz
tengemonitor.kazgazeta.kz
tengemonitor.kazgazeta.kz
Ботагөз ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

«Тенге monitor» газетіне жарияланған материалдардың авторлық құқы «Қазақ газеттері» ЖШС-ға тиесілі, жарнаманың мәтімі мен тіліне редакция жауапты емес. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қызқарынан бідрмейді.